



9 ЖЕЛТОҚСАН
2025 ЖЫЛЫ
№9



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы хабаршы
ЖАҢАРУ
www.zhanaru.kz

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы қоғамдық-саяси газет. Тегін таратылады.

Жастар және құқықтық тәрбие

Жастар мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу тақырыбының өзектілігі қазіргі қоғамда мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың үнемі назарында. Қазақстан Республикасы Бас прокуратура-сының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің деректеріне сәйкес, соңғы жылдары балаларға қатысты жасалған құқықбұзушылықтардың тіркелген фактілері көбейіп отыр: 2022 жылы - 2005 факт, 2024 жылы - 3356 факт, ал 2025 жылдың 6 айында - 1825 факт. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтар саны 2022 жылы - 1735 фактіні, 2023 жылы - 1925, 2024 жылы - 1890, ал 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында - 1110 фактіні құрады.

Бұл мәселені шешуде білім беру ұйымдарының, қоғамдастықтардың, ішкі істер органдарының, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың, ата-аналар комитеттерінің, азаматтық сектор мен белсенді азаматтардың үйлестірілген түрде қатысуы барған сайын маңызды болып келеді.

Елде білім беру, тәрбие, денсаулық сақтау, инклюзивті және отбасы саясаты мәселелері бойынша ұзақ мерзімді жоспарлау мен ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін заңнамалық база қалыптасқан. Мемлекеттік және қоғамдық басқару тетіктері енгізілген. Мемлекеттік деңгейде «Заң және тәртіп» қағидаты жарияланған. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы жүйесіне ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдары, халықты жұмыспен қамту саласындағы органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар, сондай-ақ өз құзыреті шегінде басқа да мемлекеттік органдар кіреді. Оқу-ағарту министрлігі жанынан республикалық комиссия, өңірлерде 235 комиссия жұмыс істейді.

Маңызды бағыттардың бірі - балаларды бос уақытты тиімді өткізуге және қосымша білім беру іс-шараларына қамту. Ел бойынша 2100-ден астам қосымша білім беру ұйымы жұмыс



істейді, жан басына шаққандағы қаржыландыру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Қосымша біліммен қамту деңгейі мектеп оқушыларының жалпы санының 80%-дан астамын құрайды. Соған қарамастан, балалар арасындағы құқықбұзушылық, оларға қатысты зорлық-зомбылық, буллинг, суицид, балаларды сату, цифрлық кеңістікте балаларды қорғау, қауіпсіз орта құру мәселелері әлі де өткір күйінде қалып отыр. Бұл әсіресе оқушылардың шамамен 40%-ы тұратын ауылдық жерлерге қатысты. Алайда көптеген ауылдарда балалардың спортпен және шығармашылық үйірмелермен айналысуына қажетті инфрақұрылым әлі күнге дейін жоқ.

Мәселенің маңыздылығын терең түсіне отырып, жеткілікті тәжірибе мен әлеуетке сүйенген «ЖАҢАРУ» РКБ биыл «Жастарды құқықтық тәрбиелеу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымның негізі» атты үш жылдық жобаны іске асыруды бастады. Жобаның мақсаты - құқықтық сауаттылықты арттыру, өскелең ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Жоба Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және Қазақстанның барлық 17 өңірінде

жүзеге асырылуда. Жобаның ерекшелігі - білім беру ұйымдарында және ішкі істер органдарында есепте тұрған жасөспірімдерге басымдық берілуі.

Өткізілген іс-шаралар құқықтық сананы қалыптастыруға, заңдарды түсінуге бағытталған, бұл біздің пікірімізше азаматтық жауапкершіліктің артуына ықпал етеді. Оқушылар өз құқықтары мен мүдделерін қорғауды, сондай-ақ құқықбұзушылыққа байланысты жағдайларда қалай әрекет ету керектігін үйренеді. Құқықтық қатынастардың негіздері оларды ересек өмірге дайындайды, өз әрекеттерінің құқықтық салдарын түсінуге көмектеседі. Атырау, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарында психологтар мен консультациялық қызметтердің қатысуымен өткізілген курстар оқушыларға жеке мәселелерін шешуге, күйзеліс, мазасыздық және депрессиямен күресуге көмек көрсетуге бағытталды. Мектеп психологы үшін тек кәсіби біліктілік ғана емес, балалармен ортақ тіл табуы да маңызды.

Көптеген спорттық және мәдени іс-шаралар жастарды ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Жоба Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және Қазақстанның барлық 17 өңірінде

қызметкерлерімен және ІІМ ардагерлерімен кездесулер де жасөспірімдер үшін маңызды. Олар құқықбұзушылықтың салдары, сондай-ақ құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алады. Бұл - профилактикалық жұмыстың негізгі бөлігі.

Біз ата-аналармен өзара іс-қимылға айрықша назар аудардық, бала тәрбиесі мен отбасылық мәселелерді шешу ісіндегі олардың жауапкершілігін арттыруға көңіл бөлдік, себебі бұл құқықбұзушылықтардың алдын алуға тікелей әсер етеді. Жастар қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне ерекше сезімтал. Біз жүргізген сауалнамалар жастардың 82%-дан астамының сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне тұрақты теріс көзқарас қалыптастырғанын көрсетті. Бүгінде жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда белсенді азаматтық ұстаным танытуда.

Мысалы, жоба аясында Қарағанды индустриалды университетінде студенттердің күшімен «Смарт-комплаенс: Заң және тәртіп» инновациялық орталығы ашылды, ал А.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде жастардың девиантты мінез-құлқы мәселелерін зерттеу орталығы құрылды.

9 желтоқсан - Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай өткізілген жастар бастамалары байқауына да оқушылар мен жастар белсенді қатысты. 14 пен 35 жас аралығындағы 43 қатысушы өтініш жолдады. Байқауға ұсынылған бейнероликтер, рилстер, буклеттер мен эсселер өскелең ұрпақ назарын превенция мәселелеріне, еркіндік, отбасы, жеке кеңістік және өзін-өзі дамыту құндылықтарына аударуға мүмкіндік берді.

Адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет ұғымдары адамның барлық қызмет салаларында басымдыққа ие болуы тиіс. Өскелең ұрпақты әр жас кезеңінде, мектепке дейінгі жастан бастап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы біліммен қамтамасыз ету қажет. Бұл жұмыста академиялық адалдық пен жоғары кәсібилік тиімді құрал болуы тиіс.

Жоба аясында ұсынылған тәсілдер сыбайлас жемқорлыққа қарсы «иммунитеті» мықты жаңа буын азаматтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Тұрақты профилактикалық жұмыстың қажеттілігіне деген жоғары қызығушылық жобаның баспасөзде, электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында, халықаралық ұйымдардың алаңдарында кеңінен жариялануынан байқалды. Мысалы, биыл біз БҰҰ-ның бастамасымен өткізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын жеделдетіп іске асыру жөніндегі жыл сайынғы конференцияға қатыстық. Онда Қазақстанның мемлекеттік органдары мен «Жанару» РКБ-ның оң рөлі атап өтілді.

Жобаға қатысушылар оған қолдау білдіріп, болашақ жұмыста ескерілетін көптеген қызықты ұсыныс-

тар айтуда. Жастардың қатысуымен іс-шараларды ұйымдастыруда көптеген мемлекеттік органдар мен ұйымдар мүдделі тараптар ретінде белсенділік танытты. Бұл, ең алдымен, Жамбыл, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары мен Астана қаласының өкілдеріне қатысты. Қызылорда, Жетісу, Шығыс Қазақстан облыстары және Алматы, Шымкент қалаларындағы спорттық және білім беру ұйымдары жоғары деңгейде қатысу көрсетіп отыр.

Өкінішке қарай, біздің ынтымақтастық туралы ұсыныстарымызға қарамастан, құзырлы министрлік тарапынан әзірге қызығушылық байқалмайды. Бұл ведомствода азаматтық сектормен өзара әрекеттестікті күшейту бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Түрлі өңірлерде салық төлеушілердің миллиардтаған қаржысын жымқырумен байланысты сыбайлас жемқорлық жанжалдарын еске алсақ жеткілікті — сол кезде дәл қоғамдық ұйымдар бұл фактілерді әшкерелеудің алдыңғы қатарында болды. Оқу-ағарту министрлігінің жаңа басшылығы өз ұстанымын өзгертіп, азаматтық қоғаммен ынтымақтас-тыққа дайын екенін көрсетеді деп үміттенеміз.

Жалпы, жастарды құқықтық тәрбиелеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыс жалғасуда. Жас ұрпақты тәрбиелеу үдерісінде ұлттық дәстүрлер мен құндылықтардың маңызы зор.

**Мәлс Зайноллаұлы
СЕМҒАЛИЕВ, «ЖАҢАРУ»
РКБ-нің төрағасы**

БҰЛ НӨМІРДЕ

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ



Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

7 бет.

Дәулеткерей
РАХМЕТУЛЛИН,
«ЖАҢАРУ» РҚБ
Төрағасының
орынбасары, Астана
қалалық филиалының
директоры



Адалдық - болашақтың кепілі

Қазіргі заманда сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін ең өзекті мәселелердің бірі. Ол мемлекетке, экономикаға және халықтың әлауқатына айтарлықтай зиян тигізеді. Әсіресе, жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру – жемқорлыққа қарсы күрестің маңызды бөлігі.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – лауазымды тұлғаның қызметтік өкілеттігін өз пайдасына немесе өзгелердің мүддесіне заңсыз пайдалануы. Бұл ұғымның астарында пара беру, пара алу, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, туыстық қатынас арқылы жұмысқа орналастыру сияқты әрекеттер жатады.

Көп жағдайда жемқорлық ашық түрде емес, жасырын түрде көрініс табады. Бір қарағанда «жай ғана сыйлық» немесе «алғыс белгісі» болып көрінетін әрекет шын мәнінде парақорлықтың нышаны болуы мүмкін. Мұндай жағдайларды ерте тану – әр азаматтың міндеті.

Мысалы, оқу орнында студент емтихан бағасын ақша арқылы көтеруге тырысса немесе мемлекеттік қызметке орналасу үшін «таныс іздесе», бұл сыбайлас жемқорлықтың көрінісі болып саналады. Осындай ұсақ қадамдар үлкен заң бұзушылықтарға әкелуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті жағы – оның қоғамда «қалыпты құбылыс» ретінде қабылдана бастауы. Егер адамдар әділетсіздікке үйреніп кетсе, онда қоғамның даму қарқыны бәсеңдейді, ал жастардың әділдікке деген сенімі азаяды.

Жемқорлықты танудың басты белгілері – әділетсіз шешім қабылдау, біреуге артықшылық беру, заңды айналып өту және «таныс арқылы» мәселе шешу. Осындай белгілер байқалса, ондай әрекеттерге қатыспай, керісінше, оны тиісті органдарға хабарлаған жөн.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің ең тиімді жолы – ақпараттану және өз құқықтарын білу. Әр жас азамат заңды, өз құқығы мен міндеттерін білсе, заңсыз әрекеттерге жол бермейді. Сондықтан, құқықтық сауаттылықты арттыру – басты шарт.

Жастар жемқорлыққа қарсы күресте белсенді болуы тиіс. Мектептер мен жоғары оқу орындарында адалдық сабақтары, пікірталастар, арнайы жобалар мен тренингтер ұйымдас-



тырылуы керек. Бұл іс-шаралар жастарды әділдікке, ашықтыққа және жауапкершілікке тәрбиелейді.

Отбасы тәрбиесінің де рөлі зор. Ата-ана баласына адал еңбектің қадірін түсіндіріп, әділ болуға үйретуі қажет. Өйткені, жемқорлықпен күрес балалық шақтан басталады – әр адам өз ар-ұжданы алдында таза болуы керек.

Адалдық пен әділдік – әрбір жастың өмірлік ұстанымына айналуы тиіс. Жалған табыс пен оңай жолмен жеткен жетістік ешқашан ұзаққа бармайды. Керісінше, таза еңбек пен адал жол – нағыз абырой мен құрметтің кепілі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әр азамат өз ортасында әділдік қағидатын сақтап, заңсыздыққа жол бермесе – мемлекетіміздің болашағы жарқын болмақ.

Бүгінгі цифрлық дәуірде сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа құралдары пайда болуда. Электрондық қызметтер мен онлайн порталдар азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы ашықтықты арттырып, парақорлықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желілер де әділетсіздікке қарсы күрестің қуатты алаңына айналды. Жастар қоғамдағы әділетсіздікті байқаса, оны жариялап, өзгелердің назарын аудара алады. Бірақ, мұндай әрекет әрқашан заң шеңберінде және нақты дәлелге сүйенуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары тек жеке адамға емес, бүкіл елге әсер етеді. Экономикалық өсім баяулайды, шетелдік инвестиция азаяды, ал қарапайым халықтың өмір сапасы төмендейді. Сондықтан бұл мәселеге бей-жай қарау – болашаққа

қауіп төндірумен тең.

Жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру – ұзақ процесс. Бұл жолда әрбір жас өз үлесін қоса алады: адал еңбектену, әділ болу, заңды сыйлау, өзгелерге үлгі көрсету – сыбайлас жемқорлықсыз қоғамға бастайтын нақты қадамдар.

Адалдық – бұл жай ғана мінез емес, өмірлік ұстаным. Егер әрбір жас өз жүрегіңде адалдық отын сақтап, өз ортасында әділдікті насихаттаса, онда сыбайлас жемқорлық түбегейлі жойылатын күн де алыс емес. Болашақ – адал ұрпақтың қолында.

Сыбайлас жемқорлық – адамзат тарихындағы ең көне әрі ең зиянды әлеуметтік құбылыстардың бірі. Ол кез келген қоғамның іргетасын шайқалтып, әділдік пен сенімге нұқсан келтіреді. Қазіргі жаһандану дәуірінде бұл мәселе тек жеке бір елдің емес, бүкіл әлемнің ортақ проблемасына айналды. Себебі жемқорлық экономикалық өсімді тежейді, халықтың тұрмыс сапасын төмендетеді және мемлекетке деген сенімді әлсіретеді.

«Сыбайлас жемқорлық» ұғымы кең мағынада алғанда – лауазымды тұлғалардың өз қызметтік өкілеттіктерін жеке пайдасына немесе өзге адамдардың мүддесіне заңсыз пайдалануы. Осындай заңсыз іс-әрекеттер мемлекеттік басқару жүйесіне үлкен нұқсан келтіреді.

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары қоғамның барлық саласында байқалады. Мәселен, білім беру саласында парақорлық орын алса – білім сапасы төмендейді; денсаулық сақтау жүйесінде болса – адамдардың өміріне қауіп төнеді; ал экономикада болса – инвестиция мен сенім жоғалады. Бұл құбылыстың түпкі нәтижесі – елдің дамуының

баяулауы мен әлеуметтік әділеттіліктің бұзылуы.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің тиімді болуы үшін ең алдымен қоғамның өзі белсенді болуы керек. Азаматтар заңсыздыққа көз жұма қарамай, өз құқықтарын қорғауға және әділдік үшін күресуге дайын болуы қажет. Әр адам өз ісінде адалдықты сақтап, пара беруден және қабылдаудан бас тартса, бұл індеттің тамыры біртіндеп қиылады.

Жемқорлықтың тағы бір қауіпті тұсы – ол адамдардың бойындағы сенім мен үмітті жояды. Егер адам әділ жолмен жетістікке жете алмайтынын сезсе, онда қоғамның даму бағыты бұзылады. Сондықтан да әділдік пен ашықтық – мемлекет пен азамат арасындағы сенімнің басты кепілі.

Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі тетігі. Әр азамат өз құқықтары мен міндеттерін білсе, заңға жүгінуді әдетке айналдырса, онда заңсыз әрекеттерге жол азаяды. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер де бұл бағытта үлкен рөл атқара алады – себебі ашықтық пен жариялылық кез келген теріс әрекеттің жолын кеседі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек жаза лау емес, ең алдымен тәрбиелеу процесі. Мектептен бастап, жастарды адалдыққа, еңбекқорлыққа және әділдікке баулу маңызды. Өйткені ертеңгі күннің басшылары мен мамандары бүгінгі жастар. Егер олардың санасында парасыз қоғам құру идеясы орныкса, онда еліміздің болашағы жарқын болмақ.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның іргесін шайқалтатын қатерлі дерт. Онымен күрес – әр азаматтың борышы. Мемлекет те, қоғам да, әрбір адам да бұл жолда бірігіп әрекет етсе ғана нәтижеге жетуге болады. Адалдық пен әділдік салтанат құрған қоғамда даму да, өркендеу де болады.

Қорытындылай келгенде, сыбайлас жемқорлықты тану және оған қарсы тұру – әр жастың азаматтық парызы. Егер біз адалдықты өміріміздің басты қағидасына айналдырып, әділ қоғам құруға бірге атсалыссақ, онда еліміздің ертеңі нұрлы болары сөзсіз.

Сағатбек СУЛЕЙМЕН,
«Жаңару» РҚБ
Қызылорда облыстық
филиалы директоры

Жемқорлыққа жол жоқ

Жемқорлық — ақша билігімен кез келген азамат белгілі бір мақсатқа жету үшін жасайтын құқықбұзушылық. Ол жалпы қоғам дамуына, өркениетке және әділдікке қайшы келеді. Жемқорлық билік пен ауқатты адамдарға сенімсіздік тудырып, қоғамдағы жалған кейіптің сақталуына себеп болады.

Өз пайдасына немесе өкілінің мүддесіне қызмет ету — болашаққа жасалған қиянат. Барлығы адамның намысы мен ар-ұятына байланысты. Ақша ұрлап, пара беріп немесе әділдікке қарсы келу — қоғамға қарсы шығумен тең. Егер жемқорлық жайласа, медицина саласы, білім мен технология дамымайды, ал заңға қайшы әрекеттер жасырын түрде жалғаса береді. Себебі мұның бәрін билейтін — ақша. Ақшаға тәуелді қоғамда адалдықтың да, әділдіктің де құны төмендейді. Ақша басты мақсатқа айналған сайын, адам рухани байлықтан алыстайды, ар-ұятына салмақ түседі.

Міржақып Дулатұлының “Оян, қазақ!” өлеңінде: “Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты,” — деп айтқаны тегін емес.

Бұл — бізге арналған үндеу. Әділдік пен ар-ұятты биік қою — ұлттың рухани тірегі. Бізге ояну керек! Өйткені әділ қоғам орнату — біздің азаматтық міндетіміз.

“Еңбекпен жеткен істің наны тәтті” демекші, қоғамды дамыту үшін еңбектің қадірін түсіну қажет. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Адамды бағындырудың асылы — еңбек, түбінде еңбексіздерді еңбек жеңбек” деген сөзі — шынайы өмір сабағы. Адал еңбектің алдында пара мен пайдаға құныққан жанның жеңісі болмайды. Еңбегімен өскен адам — елдің тірегі.

Даму үшін қоғам бірігіп, біртұтас болуы керек. Өзгерісті әр адам өзінен бастауы тиіс. Мысалы, дәрігерге жақсы орын алу үшін ақша беру немесе дәрігердің оны талап етуі — ең қарапайым, бірақ ең қауіпті жемқорлықтың түрі. Мұндай ұсақ әрекеттер үлкен дертке айналып, қоғамның сені-

мін жояды. Пара беруші мен алушы — бір шынжырдың екі ұшы. Бірі “жолымды жеңілдетемін” десе, екіншісі “пайда табамын” деп сенеді. Бірақ екеуінің де ертеңгі күні — өкініш пен ар азабы. Пара беруші әділ жолмен жетуге тиіс мүмкіндігін өз қолымен сатады. Ал пара алушы өз абыройын айырбастап, уақытша байлыққа алданып, ар-намысын жоғалтады. Бүгін алған пара — ертеңгі ұяттың, қорқыныштың және жазаның себебі. Мұндай адамдарды қоғамда, уақыт та кешірмейді. Себебі әділдік кешіксе де, жоғалмайды. Рухани тұрғыдан қарасақ, парақор адам өз жүрегің кірлетіп, ұрпағына жаман үлгі қалдырады. Ар мен иманды аяқ асты еткен жанның дәулеті де, мансабы да баянды болмайды.

Жемқорлықты жену үшін ең алдымен сана өзгеруі керек. Жемқорлықты жену үшін “қазақпыз ғой” деген немқұрайлы көзқарастан арылу қажет. Құқықбұзушылықты ақшамен жабу — надандық пен әділетсіздік. Қоғамда шынайы шындықты көрсету, әр мәселені ашық талқылау және нақты шешім қабылдау — нағыз әділдіктің бастауы.

Жемқорлықты шешу жолы — әр деңгейде күресу. Біріншіден, тәрбиеден бастау керек деп ойлаймын. Баланың бойына кішкентайынан адалдық пен еңбекқорлықты сіңіру — ең мықты қорған. Қоғамдық бақылауды күшейту — маңызды шарт. Мемлекеттік және жеке мекемелердің жұмысы ашық, халыққа айқын болғанда ғана жемқорлықтың жолы кесіледі. Жеке жауапкершілік — басты құрал. Бір адам “мен пара бермеймін” десе — бір тізбек үзілді деген сөз. Өзгеріс әркімнің санасында басталады. Парамен келген пайда өткінші, ал адал еңбектің жемісі — мәңгілік. Жемқорлық — тек заң бұзу емес, ол адамдықты жоғалту. Ар-ұятын сатқан жан ешқашан шынайы бақытқа жете алмайды.

Дина КУСПАН,
Астана қаласы





Президент жолдауындағы жастардың құқықтық сауаттылығы жайында

Ел Президентінің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты биылғы Жолдауында мемлекетіміздің мызғымас тұғыры – «Заң мен тәртіп» орнатуға баса мән берілді.

Ол туралы Мемлекет басшысы биыл 23 маусымдағы құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде де айтқан болатын. 2019 жылдан бері еліміздегі қылмыстық құқықбұзушылық саны екі есе азайды. Жамбыл облысы бойынша да жалпы құқықбұзушылық пен қылмыс азайған, оның ішінде қоғамдық орындардағы қылмыстар 23 пайызға, көшедегі қылмыстар 22 пайызға төмендеген. Бірақ бүгінде өңірімізде суицид проблемасы өте өзекті болып тұрғанын айта кетуіміз керек. Өкінішке қарай, еліміз бойынша ол жағынан алға шығып кетіппіз... Әсіресе өрімдей жастардың қылмысқа ұрынуы, суицидке баруы жұртты, қоғамды қатты алаңдатып отыр. Мәдениет пен әдеп, тәрбие мен тәлім әрбір азаматтың, әрбір отбасының өзінен басталуы қажет.

Қазір байқасаңыздар барлық жерде ата-аналардың, құқық қорғау органдары мен оқу орындары басшыларының қатысуымен жиындар, жастармен кездесулер өтіп жатыр. Облыс әкімі мен орынбасары, прокуратура мен полиция департаменті Президенттің «Заң және тәртіп» қағидатын барлық қала, аудандарда, оқу орындарында талқылап, халыққа түсіндіруде. Сол сияқты 7 тамызда облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен осы мәселе арнайы форумда талқыланып, қолдау тауып, облыс тұрғындарына арналған Үндеу қабылданып, жарияланды. Мақсат – заң үстемдігін сақтау, заңбұзушылықтың алдын алу, барлық жерде тәртіп орнату, әсіресе балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы орайда балаларының тәрбиелілігі мен қауіпсіздігі үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру керек деп санаймыз. Себебі тәрбиесіз, қараусыз қалған баланың болашағы бұлыңғыр, тіпті қауіпті дер едім. Әрине оқу орындарының, ондағы тәлім-тәрбиенің рөлін төмендетпейміз. Десек те бұл жерде сынып жетекшісінің, топ кураторының, басшыларының жауапкершілігін де ұмытпауымыз керек. Сол сияқты, бұл жұмыстың нәтижелілігі учаскелік полиция инспекторы мен



ювеналды полиция қызметкерлерінің іскерлігі мен өз міндеттеріне деген жауапкершілігіне де байланысты.

«Қоғамда Заң мен тәртіп қағидатын түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным» – деді Қ.К. Тоқаев.

Сөз басын «Заң мен тәртіп» қағидатынан бастағанымның өзіндік себебі бар. Өйткені осы қағидатты басшылыққа ала отырып, «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігі өңірлердегі филиалдарымен бірге осы тақырыптың аясында ауқымды жұмыс жүргізуде.

Атап айтсақ, «Жастарды құқықтық тәрбиелеу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру» атты жобаны іске асырып жатырмыз. Сонымен қатар облыстың да қоғамдық-саяси жұмысына, «Заң мен тәртіп» қағидасын халыққа түсіндіру, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңбұзушылықтың алдын алу жұмыста-

рына белсене қатысудамыз.

Мәселен 24 қараша күні Тараздағы «Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебінде» (бұрын спецшкола деп аталатын, онда соттың шешімімен заң бұзған девиантты жасөспірімдерді ұстап, тәрбиелейді) болып балалардың әлеуметтік – тұрмыстық, оқу – тәрбиелік жағдайымен танысып, өздерімен ашық әңгімелесіп, «сырласып» қайттық. Жасөспірімдердің жатақханасын, асханасын, оқу, демалу орындарын көріп, мекеменің барлық жерінде тазалық пен тәртіп орнағанына риза болғанымызды жасыра алмаймыз. Бұл «қиын» балалардың тазалыққа, салауатты өмірге, тіпті тәртіпке өздерінің қызығушылық танытып жатқандары көңілге қонымды. Ол үшін мектеп директоры Нұртас Құсановқа, мектеп мұғалімдеріне, барлық қызметкерлеріне, әсіресе бас психологіне алғыс айттық.

Кездесу барысында «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің «Жастарды құқықтық тәрбиелеу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүние-

танымның негізі» атты жобасы түсіндірілді.

Бұл арнаулы мектептегі жасөспірімдердің мінез-құлықтарын жақсарту үшін олардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, олардың жеке-дара ерекшеліктерін ескеру, өздерінің құқықтары мен міндеттерін білуі, «қиын» балалардың жақсы қасиеттерін анықтап арттыру, мадақтау-маңызды. Ол үшін мектепте барлық жағдай жасалған. Олардың белсенділігін, жақсы талап-ынғасын қолдау, спорт, өнер, техника, қоғамдық жұмыстарға қызықтыру да бар екен. Мұғалімдер мен тәрбиешілердің қатаң қадағалауы мен қатар, балалардың ар-намысына тимеу, оларды орынсыз жазаламауы да маңызды. Нәтижесінде «қиын» баланың саналы түсінігіне сенім ұялатып, әділеттілік пен адалдықтың дәні себілетіні анық. Сонымен қатар облыстық білім басқармасы мен Тараз қаласының әкімдігіне девиантты балалардың тұрмысын, оқуын және тәрбиесін жақсарту туралы бес ұсынымдар жіберілді.

Балалардың жағдайымен «АМАНАТ» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы «Жастар Рухы!» жастар қанатының жетекшісі Ерғали Рүс-

тем екеуіміз таныстық.

Ал 26 қараша күні Тараздағы «Анаға тағзым» Жамбыл облыстық отбасылық даму әлеуметтік орталығында «СЕН ЖАЛҒЫЗ ЕМЕССИҢ!» мейірімділік жолы акциясы «Отбасылық – тұрмыстық зорлық – зомбылыққа қарсы іс-қимыл тетіктері» тақырыбында өткен дөңгелек үстел отырысына қатысып кіріспе сөз сөйледім. Мен өз сөзімде отбасылық, тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу, отбасылық жанжалға, ұрыс-керіске жол бермеу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, халыққа 2024 жылы 15 сәуірде қабылданған «Тұрмыстық зорлық – зомбылыққа қарсы күрес туралы» жаңа заңды түсіндіру, сонымен қатар 2024 жылы 21 маусымдағы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің №211 бұйрығын түсіндіріп еске салдым. «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы» Заңның ерекшелігі - бұрын ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру әкімшілік құқық бұзушылық ретінде сараланып келсе, енді осы тектес қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Жазаларға 80-ден 200 АЕК-ке дейін, яғни 314560 теңгеден – 786400 теңге дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту және 50 тәулікке дейін қамауға алу жатады. Жәбірленушіні азаптағаны үшін 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру, денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіргені үшін – 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру, денсаулыққа ауыр зиян келтіргені үшін – 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылады.

Жасөспірімді өлтіргені үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру, 16 жасқа толмаған балаларды жыныстық қудалау үшін 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту және 50 тәулікке дейін қамауға алу қарастырылған.

Кәмелетке толмағанды заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін – 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру, ал кәмелетке толмаған баланы ұрлау – 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру шарасы қолданылады.

Бұл заң отбасылық ортада зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға арналған. Отбасындағы көптеген қылмыстар ата-ананың, әсіресе ота-

ғасының араққа мас болғанынан болып жатады екен. Алла Елшісі Мұхаммед Пайғамбар «Арақ – күнәлардың ең үлкені, барлық жамандықтың, барлық күнәнің анасы», депті. Бүгінде облысымызда 23 ауыл «ішімдіксіз» ауыл атанды, ал Шу ауданы Балтаң Шолақ ауылының ардагерлер кеңесінің төрағасы Есенгелді Текебаев Президенттің Алғыс хатымен марапатталғанын естіген боларсыздар. Бұл ауылда соңғы екі жарым жылда ешқандай құқықбұзушылық орын алмаған.

Сол сияқты, 29 қараша - сенбі күні таңертең ҚР ІІМ Жамбыл облысының мамандандырылған Күзет қызметі басқармасының жеке құрамы алдында Президенттің «Адал азамат» ұғымының мәнін және 2024 жылы 14 наурызда Атырауда «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында өткен үшінші Ұлттық құрылтай отырысы туралы дәріс бердім. Ол құрылтайда Президент жанындағы бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева елімізде жалпыұлттық құндылықтарды бекітуді ұсынған болатын. Ол бастама іске асып, ҚР Президенттің Жарлығымен 2025 жылы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Ішкі саясат қағидаттары мен негізгі құндылықтары бекітілді. Ол туралы да ақпарат бердім.

Жалпыұлттық құндылықтар

Ұлттық құрылтай мүшелері тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты негізгі жалпыұлттық құндылықтардың тізбесін жасау туралы бастама көтерді.

Заң мен тәртіп Тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заң бұзған адамды тиісті жазаға тарту – мемлекеттің негізгі функциялары. Елімізде қоғамға жат мінез-құлыққа қарсы иммунитет, кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеу», қатігездік пен зорлық-зомбылықтың ешбір түріне жол бермеу сияқты ұстанымдар берік орнығып жатыр.

Қоғамда, әсіресе өскелең ұрпақтың санасында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» формуласы берік орнығып келеді. Бұл – жауапты, еңбекқор, өз ісін сүйетін адам ғана шынайы табысқа қол жеткізе алады дегенді білдіреді.

Қасымхан ТӨЛЕНДИЕВ,
«ЖАҢАРУ» РҚБ Жамбыл облыстық филиалының директоры

Коррупция — это не просто злоупотребление властью ради личной выгоды, не только преступление против закона. Это болезнь общества, разъедающая доверие между гражданами, подрывающая чувство справедливости, тормозящая развитие страны. Но на фоне этой проблемы всегда находились люди, которые отказывались мириться с ложью, угрозами и давлением. Их поступки становились символом гражданского мужества, напоминая о том, что честность — не просто личное качество, а мощная общественная сила. Истории таких людей вдохновляют и показывают: даже в самых сложных обстоятельствах человеческая совесть способна изменить ход событий.

Одним из современных примеров является ситуация, произошедшая в Казахстане в 2019 году. Тогда имя молодого специалиста из Актюбинской области Дархана Бекетаева стало широко известным после того, как он сообщил о попытке вовлечь его в коррупционную схему при распределении государственных грантов. Молодого сотрудника убеждали участвовать в махинациях, намекая на «нужные связи» и обещая выгоды в обмен на лояльность. Но Дархан отказался подчиниться давлению и передал доказательства в антикоррупционные органы. Расследование подтвердило его слова: виновные понесли ответственность, а сам Дархан стал примером принципиаль-

Примеры борьбы с коррупцией, которые вдохновляют



ности для многих молодых специалистов, впервые столкнувшихся с реальными испытаниями на госслужбе. Его поступок напомнил, что честность — это не слабость, а сила, которая способна менять систему.

Однако борьба с коррупцией имеет глубокие исторические корни. Одним из первых символов неподкупности стал английский государственный деятель XVI века Томас Мор — человек, который отказался ставить личную выгоду выше принципов. Будучи лорд-канцлером, ближайшим советником короля Генриха VIII, он выступал против коррупции в королевской администрации, систематически отвергал подарки и взятки, заявляя, что «тот, кто продаёт правду, лишает себя чести». Мор отказался под-

держивать политическое решение короля, которое считал несправедливым, и поплатился жизнью. Его казнили, но память о его мужестве пережила века. В Европе имя Томаса Мора стало символом моральной стойкости и честного служения государству. Его пример до сих пор цитируют юристы, историки и политики, подчеркивая, что истинное государственное управление невозможно без нравственных принципов.

Примером гражданского мужества в журналистике стала Анна Политковская — репортёр, посвятивший свою карьеру борьбе с неправдой и злоупотреблениями. В своих материалах она писала о коррупции в государственных структурах, о нарушениях прав человека, о тесной связи власти и бизнеса. Её тексты становились

громкими расследованиями, вскрывали системные проблемы и влияли на общественную дискуссию. За свою бескомпромиссность она заплатила самую высокую цену, но её наследие продолжает жить: каждое новое журналистское расследование, каждая публикация о коррупции становится частью той смелой традиции, которую она оставила. Политковская доказала, что слово может быть оружием, а журналистская честность — не менее мощной, чем гражданская.

Не менее важна история, произошедшая в Южной Корее. В 1990-х годах инженер Дэнни Ха собрал доказательства системных отказов в строительной отрасли — одной из самых закрытых и коррумпированных в то время. Его данные выз-

вали громкий общественный резонанс: после расследования последовали отставки высокопоставленных чиновников, были введены реформы, усилившие прозрачность государственных закупок. Южную Корею сегодня называют одной из самых открытых и честных стран Азии, и в этом заслуга, в том числе, обычных граждан, которые не побоялись выступить против «корпоративной мафии». История Дэнни Ха показывает, что борьба с коррупцией — это не только вопрос закона, но и готовности общества защищать справедливость.

Свои примеры есть и в современных казахстанских реалиях. В 2021 году сотрудник районного акимата Серик Медетбеков столкнулся с попыткой вынудить его подписать фиктивные акты выполненных работ на социальных объектах. Такие схемы — один из наиболее распространённых видов злоупотреблений, поскольку под видом ремонта или строительства часто скрываются хищения бюджетных средств. Медетбеков отказался участвовать в этом и сообщил о нарушениях в антикоррупционные органы. Расследование подтвердило его слова, схема была раскрыта, а сам Серик стал примером того, как один человек способен остановить финансовые злоупотребления, влияю-

щие на целые населённые пункты. Его поступок в очередной раз доказал, что честные госслужащие существуют, и именно их усилиями сохраняется доверие к государственному институтам.

Объединяет всех этих людей одно — способность говорить правду, даже когда это опасно или неудобно. От Томаса Мора до Дархана Бекетаева, от Анны Политковской до Серика Медетбекова — герои разных эпох демонстрируют, что личная совесть и чувство ответственности сильнее страха перед наказанием, давлением или непониманием общества. Каждый из них мог выбрать путь молчания, как делают многие, кто сталкивается с коррупцией, но они предпочли действовать. Именно такие решения создают среду, где коррупция не может укорениться.

Борьба с коррупцией — это не один закон, не одно ведомство и не одна кампания. Это ежедневная позиция обычных граждан, которые не соглашаются на ложь, не продают свою честность и не идут на компромиссы с совестью. Даже один человек способен изменить ход истории, если выбирает правду. Такие истории вдохновляют, потому что показывают: общество начинается с поступков отдельных людей, а честность — это фундамент, на котором строится справедливое государство.

Игорь ПЛЮСНИН,
директор Акмолинского
областного филиала
РОО «ЖАҢАРУ»

Тәуелсіздік тұғыры: жемқорлықсыз қоғамға қадам

Тәуелсіздік - ұлттың өз тандауы қолына тиген шақ, тамыры тереңге жайылған азаттықтың киелі белгісі. Тәуелсіздігіміздің жариялағанына отыз жылдан астам уақыт өтсе де, ата-бабаның сол бір арман-тілегі әлі күнге дейін жүректерді тербетіп тұр.

Осы уақыт аралығында мемлекетіміз талай белесті артқа тастап, еңсесін тіктеп, өркениет жолына бет алды. Дегенмен, қоғам дамуын баяулататын, рухани жаңғыруға түсу болатын кесел - сыбайлас жемқорлық күн тәртібінен әлі де түсе қойған жоқ. Бұл - жай ғана заң бұзшылық емес, Тәуелсіздіктің өзегіне, елдік мүддеге, жас буынның санасына тигізер зияны мол күрделі дерт.

Еркіндік жолында жанын беріп, намысын жалау қылған бабаларымыз елдіктің қадірін, әділдіктің маңызын сан ғасыр бойы өсиет етіп келген. Бізге қалдырған сол аманатты қадірлеу - бүгінгі ұрпақтың парызы. Адалдық, әділдік, жауапкерші-



лік – нағыз азаматты айқындайтын қасиет. Сондықтан, жемқорлыққа қарсы күрес тек заң тетіктерінің міндеті емес, халықтың танымы мен қоғамның рухани тазалығын талап ететін ортақ іс.

Жемқорлықтың ең ауыр зардабы – тәуелсіз елдің іргесін әлсіретуінде. Мемлекеттік жүйеде әділет шынайы орнамай, шешімдер ашық жүрмесе, халықтың сенімі жоғалады. Сенім шайқалған жерде ел көсегесі көгер-

мейді. Сол себепті, әділдік пен ашықтық Тәуелсіздіктің берік тұғыры, ел болашағын айқындайтын басты ұстаным болып қала береді.

Бұл кесел елдің экономикалық қуатына да, әлеуметтік саланың орнығуына да зиян тигізеді. Әсіресе, білім, өнер, медицина, ғылым сияқты елдің ертеңін қалыптастыратын салалар жемқорлықтан зардап шегетін болса, қоғам шынайы мүмкінді-

гінен айырылады. Білім саласындағы әділетсіздік жастардың жолын кесіп, талай дарынды тұлғаларды, Демек, жемқорлық - жеке адамның қателігі ғана емес, тұтас ұлттың дамуына кедергі келтіретін қауіп.

Жастарымыз – елдің тірегі, ұлттың үміті. Қолына көк ту ұстап, жаңа күннің жалауын желбіретер буын – солар. Алайда, жастар әділетсіздікке тап болып өссе, қоғамға деген сенімі әлсірейді. Сенімі сөнген жастардан қуатты буын қалыптаспайды. Сондықтан, жас буынның жүрегіне адалдық дәнін себу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу қазіргідей кезеңде ауадай қажет.

Білім мен тәрбие – ұлттың ең бағалы қазынасы. Елдің ертеңін ойлаған әрбір мектеп пен әрбір жоғарғы оқу орны жас ұрпақтың бойына адалдықты, жауапкершілікті, шыншылдықты сіңіруі тиіс. Жастардың дүниетанымы кемел, ойы таза болса – қоғам да жаңарды, әділдік те орнығады.

Жемқорлықтың алдын

алу үшін мемлекет пен халық арасындағы байланыс ашық болуы шарт. Елге тиесілі әр шешім, әр бастама, әр үдеріс халықтың көз алдынан таса болмағаны жөн. Сонда ғана

Адалдықты күнделікті өмірде ұстану, шындық жолынан таймау, әділетсіздікке бей-жай қарамау – Тәуелсіздікті сақтаудың ең берік жолы. Сондықтан, біз жас буынға күн-

Сөз соңын жүрегімізден төгілген өлең жолдарымен түйіндегіміз келеді:

Жастарды қарашы – жалындап жайқалған,
Білімге, ғылымға құштарлық байқалған.
Көк туды көтеріп жүрегі елжіреп,
«Қазағым, елім!» деп айта алған.
Жастардың санасын бұзбайық, қолдайық,
Халқымды жемқорлық кеселден қорғайық.
Жалғанның жасанды сәніне алданып,
Қауқарсыз ел болып қалмайық!
Қазағым дамысын, биікке өрлесін,
Ұрпағым ешқашан жамандық көрмесін!
Қоғамның дертінің салдары салқын боп,
Тәуелсіз күндерім сөнбесін!

әділет салтанат құрып, қоғамның сенімі күшейеді.

Ашықтық - сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең мықты қалқаны болса, заң алдындағы жауапкершілік - қоғам тәртібін реттейтін маңызды тетік. Заңды бұзған адам жазасыз қалмаса, әділеттің салмағы артып, тәртіптің қадірі бекемделеді.

делікті іс-әрекетімізбен әділ қоғам құруға бағытталған ынта-ниетімізді көрсете беруіміз қажет. Санасы әділдікпен суарылған буын өссе, елдің іргесі де бекем, келешегі де кемел болмақ.

Нүргүл НҰРБАЙҚЫЗЫ,
Қызылорда қаласы



Президент бастамаларын іске асыру – маңызды міндет

Қазақстандағы реформалар жағдайындағы Мемлекет басшысының аса назар аударып отырған мәселенің бірі – қоғамда сыбайлас жемқорлықты мүлде жою, оған қарсы төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру. Сондықтан да Қазақстанның стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі де осы сыбайлас жемқорлықпен күрес болып отыр. Бұл бағытта мемлекетте заң үстемдігін орнату, сот жүйесін жаңғырту, мемлекеттік қызметтегі ашықтық пен жауапкершілікті арттыру, жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою, құқықтық мәдениетті нығайту, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттің тұрақты дамуы бірнеше факторлардан құралатындықтан, сыртқы саясаттағы пайымды ұстанымдар мен ішкі саясаттағы нақты қадамдар еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуына ықпал етеді. Мемлекет басшысы айтқандай, басты мақсатымыз – баршаға бірдей мүмкіндік беретін ашық, қуатты және дамыған ел, жауапты әрі өркениетті қоғамды, яғни Әділетті Қазақстанды құру. Осы орайда қараша айының 5-де қабылданған «Қазақстан Республикасының ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» маңызды рөл атқарады. Елімдегі қоғамдық-саяси жағдайды тұрақты ұстап, мемлекеттілік пен елдегі бірлікті сақтау ішкі саясаттың мақсаты болып отыр. Мақсатқа жету үшін «Заң мен тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» қағидаттары елдегі ішкі саясаттың негізін құрайды.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес «2022–2026 жылдарға арналған жаңа сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасына» сәйкес және «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында іске асырылуда. Президент аталған бағыттағы жұмыстардың нәтижелі жүрісін үнемі назарда ұстап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының есебін тындап тұрақты түрде тиісті шаралар алып отырады. Агенттіктің 2025 жылғы қаңтардағы есебіне сай, 2022 жылдан бері



1,12 триллион теңгеге бағаланған мүліктік активтер мен қаражаттың қайтарылып, 1641 жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркеліп, жүйелі түрде жемқорлық жасаудың 68 фактісі анықталған. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына 153,3 миллиард теңге аударылып, 50-ден астам мектеп ашылса, алғарай тағы да 30 білім ошағын салу жоспарланған. Агенттік Президент тапсырмасына сай жемқорлық фактілерінің алдын алу және жол бермеу үшін «Цифрлық теңге» платформасында «ақшаны бояу» пилоттық жобасы іске асыруда. Пилоттық жоба кейіннен цифрлық жүйемен бірге бюджет қаржысын жұмсаудың барлық кезеңіне енгізу жоспарланып, бюджет процестерін автоматтандыруға, білім беру мекемелерінің есеп жүйелерін интеграциялауға, төлем құжаттарына қол қоюда биометрияны пайдалануға бағытталған цифрлық шешімдер қолға алынған.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен күрестің халықаралық тәжірибесін зерделеу және бірлесе жұмыстар атқару бойынша Әзербайжан, Ресей, Гонконг, Иордания және Қатар елдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволарымен меморандумдарға қол қойылған.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі жоғары оқу орындары іске асыратын маңызды жұмыс – құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Бұл жұмысты Халел

Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті 2023 жылдан бері «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық бірлестігінің Атырау облыстық филиалымен белсенді ұйымдастырып келеді. Университеттегі «Саналы ұрпақ» офисімен бірлескен шаралар жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениет насихаттау бойынша бірнеше жоспарлы шаралар өтті. Университетте құқықтық мәдениетті кеңінен насихаттауды көздейтін «Жастарды құқықтық тәрбиелеу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымның негізі» жобасы арнайы жасалды. Осы жоба аясында «Жастардың құқықтық сауаттылығы – заман талабы» тақырыбында Қаржы мониторинг агенттігі Атырау облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті қызметкерлерімен, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Атырау облысы бойынша Департаментінің прокурорымен, «Заң мен тәртіп: әділеттіліктің негізі» тақырыбында құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер өтті. Кездесулердің мақсаты

- жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, ұйымдарға ақша-қаражаттарын салмау, экономикалық қылмыстардан аулақ болу, студенттер арасындағы адалдық, академиялық адалдық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту бойынша жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Нысаналы жұмыстардың қатарында оқу орнында оқитын ер балалармен жұмыстарды да атап өтеміз. «Заң мен тәртіп – тұрақтылығымыздың негізі» тақырыбындағы ер балалармен «Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілету, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметіне халықтың ашықтығы мен сенімін арттыру, заңға құрметпен қарауды насихаттау, қоғамдық тәртіпті сақтау жауапкершілігін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту мақсатында кездесу ұйымдастырылды.

Нәтижелі және тұрақты жұмыстың бірі ретінде Атырау университетіндегі Заң клиникасының тәжірибесін атап өткен жөн. Заң клиникасында өткен ашық есік күнінде азаматтарға Құқықтық түсіндіру жұмысы және заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы А.Анжанова, Атырау қаласының мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімінің басшысы - аға сот орындаушысы Г.Аманова, Құқықтық түсіндіру жұмысы және заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің бас

мамын Н.Бақтығали, Атырау облысы Жеке сот орындаушылары Өңірлік палатасы басшысының орынбасары Е.Кульчиев, Нотариаттық палата нотариусы Л.Лайкова, Атырау облыстық Адвокаттар алқасының адвокаты А.Есбосын, Атырау облысы Жеке сот орындаушыларының Өңірлік палатасының жеке сот орындаушысы Қ.Хайруллин, Сот сараптамалары институты директорының орынбасары И.Қадырғалиев кеңес берді. Ашық есік күні қала тұрғындары мен қонақтары үшін арнайы ұйымдастырылды. Басты мақсат – азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң үстемдігін насихаттау және халыққа заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау жолдарын түсіндіру.

Аталған жұмыстардың басым бөлігі құқықтық сауаттылықты қалыптастыруды көздегендіктен ағарту жұмыстарын да мән беріледі. Осы орайда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында оқыту семинары қатысушылар арасында қызығушылық тудырды. Оқыту семинары арнайы есепте тұрған жастармен және жасөспірімдермен жұмыс жөніндегі мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру мақсатында ювеналды полиция қызметкерлері, мектептердің, лицейлердің, жоғары колледждің, жастар ресурстық орталығының мамандарының, психологтардың қатысуымен ұйымдастырылды.

Атырау облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің қолдауымен «Жастарды құқықтық тәрбиелеу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымның негізі» жобасы аясында «Интернет алаяқтық қылмысынан сақ болайық» тақырыбында құқық қорғау органдарының өкілдерімен өткен кездесуде қоғамға қауіп төндіріп, азаматтарға орасан шығын келтіріп отырған интернет алаяқтығынан сақтану, киберқылмыстың алдын-алу жолдары жан-жақты түсіндірілді. Әсіресе, жастарды фишинг, дипфейктер, онлайн саудадағы алдау, инвестициялық алаяқтық, SMS және мессенджер арқылы алдау тақырыптарынан құқық қорғау органдары мамандарынан жан-жақты талдаулар ұсынылды.

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті «Жаңару» сыбайлас

жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігімен тығыз байланыста жұмыс жасап келеді. Республикалық бірлестік төрағасының орынбасары, мемлекет қайраткері, профессор Бейбіт Мамраев бірнеше рет студенттермен және оқытушы-профессорлар құрамымен кездесіп, еліміздегі құқықтық реформа, саяси мәдениеттің өсуі, қоғамдағы заң мен тәртіптің үстемдігі жайында пікір алмасып, дәрістер оқуы дәстүрге айналды.

2025 жылғы 23 маусымда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының кеңейтілген отырысында «Заң мен тәртіп» қағидатын жаппай дәріптеуіміз керек. Қазақ халқы қай заманда да заңға бас иген, дала заңын сақтаған халық. Бұл – біздің қанымызға сіңген қасиет. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қағидаты ұлтымыздың рухы мен дүниетанымына толық сай келеді. Біз ата-бабамыздың бірегей құқықтық мұраларын мұқият зерделеп, жан-жақты насихаттауымыз керек. Бұл – халқымыздың құқықтық сана-сезімін арттыратын маңызды фактордың бірі», - деген сөздері университет ұжымының жастарға құқықтық тәрбие берудегі басты ұстанымы.

Президенттің бастамалары қазақстандықтардың әл-ауқатын нығайтуға, заманауи қазақстандық қоғамның ең өткір әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталатыны бәрімізге мәлім. «ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» Республикалық қоғамдық бірлестігінің мақсаты да Мемлекет басшысының бастамаларын қолдау. Бастамаларды ілгерілету жұмыстары жоғарыда айтып өткенімдей, «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында өңір жастарына қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылығын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетті және белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, жас буынды келеңсіздіктерден сақтандыру мақсатындағы түрлі шаралар арқылы іске асып отыр.

Саламат ИДРИСОВ,
«ЖАҢАРУ» РКБ Атырау облыстық филиалының директоры,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры



Заң мен ардың тоғысқан тұсы



Заң мен ардың тоғысқан тұсы

Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері құқықтық реформалар жүргізілді, алайда жемқорлық әлі де өзекті мәселе болып отыр. Ол қоғамның ішкі жарасы іспетті: мемлекеттің заң жүйесін ғана емес, азаматтар арасындағы сенімді де бұзады. Қазіргі қоғамның даму жолында жемқорлық – ең ірі кедергі. Заң мен ар-ождан – әділет пен адамгершіліктің қос қанаты сияқты. Заң – қоғамды ретке келтіретін сыртқы бағдар болса, ар-ождан – адамның ішкі бағдаршамы іспетті. Құқықтық тәртіп пен адамдық сананы бірге ұштаған қоғам ғана әділеттілікке жетеді. Сондықтан бүгінгі жастардың құқықтық санасы мен ар-ождан тәрбиесі ерекше маңызды. Заңға бағынған, ар-ожданын биік ұстаған жас ұрпақ қана жемқорлықсыз, таза қоғамды құра алады. Өйткені заңсыз қоғам хаосқа айналады, ал ар-ожданы жоқ адам адасқан жүрек секілді болады. Заң – қоғамдағы тәртіп пен әділеттіліктің кепілі. Ол қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді, жауапкершілік ұғымын нығайтады. Ал ар-ождан, яғни азаматтық сана – адамның өз ісіне деген ішкі бақылауы. Адамның ішкі дауысы – ар-ождан оны заңсыз әрі әділетсіз әрекеттерден тыйады. Қаншалықты заң қатаң болса да, ар-

ожданнан асып түсу қиын. Тек заңнан емес, ар-ожданнан ұялу – шынайы адалдықтың бастауы. Қазақ даналығы: «Ұят – ардың күзетшісі» – дейді. Тағы бір нақыл: «Заң қатайса да, ардан асу қиын». Сонымен, заң мен ар-ождан – бір-бірін толықтыратын ұғымдар: заң құқықтық тәртіпті қамтамасыз етсе, ар-ождан оның адамдық қырын күшейтеді. Олардың екі қанаттай қатар ұшуы қоғамды оң өзгерістерге жетелейді.

Құқықтық білім мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас – бала кезден қалыптасуы тиіс қасиет. Отбасы – осы тәрбиенің алғашқы мектебі. Өйткені отбасы – адамның бойында ұят пен ар-ожданы алғаш қалыптастыратын орда. Ата-

-ананың адал мінезі, әділ қарым-қатынасы бала сана-сына үлгі болады. Отбасында ата-аналар адалдық пен әділеттілік үлгісін көрсетіп, балаға жаны таза азамат болуды үйретеді. Қазақ дәстүрінде ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берілген: ертегі мен көркем әдебиеттегі кейіпкерлер, мақал-мәтелдер адалдықты дәріптейді. Мысалы, «Адал асқа-зан тіленбес» деген сөз балаға шынайы еңбектің қадірін ұқтырады. Мектеп пен жоғары оқу орындарында да құқықтық мәдениетті арттыруға баса мән беріледі. Мұғалімдер мен ұстаздар сыбайлас жемқорлықтың зияны мен әділдік идеяларын үздіксіз түсіндіре отырып, оқушыларды құқық негіздеріне бау-

лиды. Мектептерде «Адалдық сағаты» тәрізді іс-шаралар өткізіліп, жастарға адал болу мен қоғамға пайдалы істер жасау идеялары түсіндіріледі. Кейбір мектептерде патриоттық-азаматтық тәрбиеге бағытталған арнайы сабақтар мен сынып сағаттары қарастырылған. Университеттерде «Саналы ұрпақ» және «Парасатты жастар» сияқты жобалар мен клубтар белсенді жұмыс істейді. Бұл клубтар студенттерді патриоттық рухта тәрбиелеп, білім саласындағы адалдықты насихаттауға атсалысады. Мысалы, «Sanaly Uraq» жобалық кеңсесі оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен академиялық адалдық кодексін енгізуде. Сонымен қатар ЖОО-да студенттерге ашық коммуникация орнататын комиссиялар жұмыс істейді, оларда жастар өзекті мәселелерін қозғап, адал конкурстар ұйымдастырады. Әділеттілік, адалдық, жауапкершілік – жастардың басты өмірлік ұстанымы болуы тиіс. Әділеттілік – барлығының құқығын тең қамтамасыз ету, ал адалдық – әр адамның іс-әрекетінде шынайылық пен тазалық ұстанымы. Жауапкершілік – өз алған міндеттерінді жан-жақты орындап, әр ісіннің салдарын түсіне білу. Бұл ұстанымдар адам-

гершілік пен қоғамға деген сенімді нығайтады. Егер әрбір жас қиындықты заң шеңберінде шешуге талпынса, парақорлық көріністері айтарлықтай азаяды. Заңды сақтау әр азаматтың міндеті болса, ар-ожданды сақтау – рухани парыз. Жастар – ел болашағы. Олар ел алдындағы жауапкершілікті сезініп, өз үлгісімен өзгелерге өнеге көрсетуі керек. Цифрлық заманда парақорлыққа қарсы мәдениетті нығайтуға ашықтық, әділдік және сенім принциптерін ұстану арқылы қол жеткізуге болады. Ашықтық: мемлекеттік қызметтердің, бюджеттік шығыстардың ашықтығын қамтамасыз ету; Әділдік: заң алдында барша адамның теңдігін сақтау, жемқорлыққа қарсы бәсеке-лестік құру; Өз еңбегіне сену: жастарды адал еңбек пен білімге деген сенімге тәрбиелеу. Сонымен бірге, мемлекет басшысының азаматтардың құқықтарын қорғауға деген қырағылығы байқалады: электронды үкімет жүйесі арқылы мемлекеттік қызметтер цифрландырылып, парақорлыққа бару мүмкіндігі айтарлықтай қысқарды. Әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы әділетсіздік пен заңсыздық фактілерін талқылап, жастар сол проблемаларға қарсы ақпарат таратумен айналысады. Әрбір азамат парақорлықтың кез

келген көрінісіне төтеп беруі тиіс. Біз заңнама мен мемлекетке ғана сеніп қоймай, өз жеке адалдығымызды да сақтауға міндеттіміз. Осының арқасында қоғамымызда әділдік пен тазалықтың орнығуы нығая береді. Қортындылай келе, заң мен ар-ожданның ұштасқан тұсы – жемқорлықсыз қоғамның іргетасы. Бұл іргетастың өзегі – жастардың бойындағы жауапкершілік пен адалдық. Кез келген өзгеріс әр адамнан, әр өсіп келе жатқан ұрпақтан басталады. Еліміздің келешегін қалыптастыратын жастар заңдарды сақтап қана қоймай, күнделікті өмірде адалдық пен әділеттілік үшін күресуі қажет. «Адалдық – адамдықтың айнасы» деген қағида жүректерімізде мәңгі сақталуы тиіс. Сондықтан жастардың таңдауы – арлы өмір мен әділ қоғам болуы керек. Қазақтың ұлы қағидасы «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегендей, ел ертеңің айқындайтын ұрпақтың тәрбиесіне ерекше мән берілуі тиіс. Осылайша біз жасайтын адалдық пен әділет жолы болашақ ұрпақтарымызға жарқын және қауіпсіз өмірдің кепілі болмақ.

Аяжан ВАЛИ,
Алматы қаласы

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Жемқорлық – кез келген мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын індет. Қоғам дертінің алдын алып, жолына тосқауыл қойылмаса ол мемлекетте ілгерілеу болмайды. Мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығына қатер төндіретін сыбайлас жемқорлықпен күрестің маңыздылығы өте жоғары. Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік қызметті жеке пайдасы үшін заңсыз пайдалану болып есептеледі. Жемқорлықпен күрес науқандық шара емес және тек құзырлы мекемелердің немесе билік органдарының ғана міндетіне жатпайды. Білімді, мәдениетті, әрі бәсекелестікке қабілетті ұлт қалыптастыру үшін елде орын алып отырған жемқорлықпен бүкіл халық болып күресу керек. Сыбайлас жемқорлықты әркім әрқалай пайымдауы мүмкін. Жасыратыны жоқ, біреулер жемқорлыққа жүйені кінәласа, біреулер жоқтықты себеп еткісі келеді. Ал, қазіргі қоғамда сыбайлас жемқорлықпен күрес жаңа форматта жүргізіліп келеді. Яғни, сыбай-



лас жемқорлыққа қарсы заң бар, Президент жарлығы бар, түрлі бағдарламалар қабылданды. Дегенмен, қанша жерден заң қатал, жаза күшті болса да жемқорлықты жою мүмкін болмай отыр. Сондықтан бұл індетпен ел болып, халық болып күресу керектігін уақыт өзі дәлелдеп келеді. Соңғы уақыттарда құрылған сыбайлас жемқорлықтың алдын алумен айналысатын қоғамдық институттардың жұмысы жылдан жылға оң нәтиже беруде.

Мен, Изенов Қуат сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жұмыс атқаратын қоғамдық институттар-

дың бірінде жұмыс істеймін. Алғашқыда мен де сыбайлас жемқорлыққа немқұрайды қарап жүрген жандардың бірі едім. Бірақ жұмыс барысында сыбайлас жемқорлықтың қоғамға қаншылықты қасірет әкелетінін сонымен қатар адам өміріне де кеoі әсер ететінін түсіндім.

Жеке жауапкершілік — басты қағида. Жемқорлықпен күрестің ең ықпалды құралы — әр адамның жеке таңдауы. Адам өз ісінде адал болса, пара бермесе, заңды бұзбауға тырысса — қоғамдағы жалпы деңгей өзгереді.

Ақтау қаласындағы көпбейінді аурухананың

нейрохирургия бөлімінде дәрігер-резидент ретінде тәжірибеден өтіп жүрген М.Оспанов атындағы медициналық университетінің 4 курс студенті Д-есімді азамат пациенттің туысынан «операцияға көмектесемін» деп 50 мың теңге ақша алғандығы анықталып, нәтижесінде арызданушыға ақшасы қайтарылып, университетке студенттің сыбайлас жемқорлыққа жол бергендігі туралы хат жолданып, ауруханадан тәжірибеден өтуі тоқтатылды.

Негізі нейрохирургия денсаулық сақтау саласында негізгі рөл атқаратын бөлімдердің бірі. Сондықтан болашақ жас нейрохирург әлі жұмысқа орналаспай осындай қадамға барып жатса, қоғам үшін өте өкінішті және бей жай қарамайтын жағдайлардың бірі.

Ал медицина – адамның өміріне араша болатын, ең жоғары жауапкершілікті талап ететін сала. Дәрігер болу – білім мен білікті ғана емес, адалдықты, адамгершілікті, сенімділікті қажет ететін қасиет. Пациент пен оның туыстары дәрігерге ақша емес, сенім

адам өмірін тапсырады. Ал сол сенімге дақ түсіру – болашақ маман үшін ең ауыр қателіктің бірі.

Аталған жағдай – тек бір студенттің қателігі емес, бүкіл медициналық қоғамдастық үшін маңызды ескертуі болды. Адалдыққа негізделген медицина ғана халықтың сеніміне ие болады. Болашақ жас дәрігерлер мұндай оқиғадан сабақ алып, кәсіби жолын әділдік пен жауапкершілікпен бастауға тиіс.

Соңғы жылдары елімізде жалған дипломмен жұмысқа орналасу мәселесі жиілеп барады. Әсіресе Маңғыстау облысында жүргізілген прокурорлық және ведомстволық тексерулер білім беру мен әлеуметтік салада ғана емес, медицина жүйесінде де өзекті проблемалардың бар екенін көрсетті. Бұл – жай ғана құқықбұзушылық емес, қоғамның сеніміне, адам тағдырына әсер ететін қауіп.

Мысалы, статистика мәліметіне жүгінсек, 2024 жылы Қазақстан мемлекеті бойынша 1143 жалған диплом анықталған,

өкінішке орай соның 78 жалған дипломы медицина саласына тиесілі.

Дәрігер — адам өмірін аманат ететін маман. Мұндай жауапты салада жалған құжатпен жұмыс істеу – тек заң бұзу емес, адам тағдырына қауіп төндіру. Білімсіз, тәжірибесіз адамның медициналық мекемеде қызмет етуі – орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Сондықтан да мемлекет мұндай әрекеттерге қатаң шара қолданып келеді.

Сөзімнің соңында сыбайлас жемқорлықпен күрес — кез келген елдің тұрақты дамуының басты шарты. Әділдікке, ашықтыққа, адалдыққа негізделген қоғам ғана шынайы өркендей алатына сенемін.

Сондықтан жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыру – әр азаматтың парызы. Адалдықты қадірлейтін ұлт қана болашағын жарқын ете алады. Сыбайлас жемқорлықтың біздің қоғамнан, біздің өмірімізден түбегейлі жойылуына бәріміз бірге атсалысайық!

Қуат ИЗЕНОВ,
Ақтау қаласы



Молодежь против коррупции



Спортивные мероприятия играют важную роль в формировании антикоррупционного мировоззрения у молодежи

Вопросы противодействия коррупции остаются ключевыми для Казахстана, и именно молодежь, по мнению экспертов, должна стать главным носителем антикоррупционных ценностей.

Одной из организаций, много лет занимающихся этой работой, является костанайский областной филиал РОО «Общенациональное движение против коррупции «ЖАНАРУ».

Это статья о том, как ведется работа с молодежью, какие проекты реализуются и почему разговор о коррупции нужно начинать со школьной скамьи.

Проект «Молодежь против коррупции!» в Костанайской области реализуется уже несколько лет. Первые мероприятия стартовали еще в 2020 году. Главная аудитория проекта - учащиеся школ,



На лекциях озвучиваются законодательные нормы и рассматриваются кейсы, когда людей привлекали за коррупцию

встречи с ювенальной полицией и школьными психологами. Именно эти специалисты чаще всего сталкиваются с подростками, нуждающимися в особом внимании. Мы проводили семинары

то не нашел поддержку, кто-то вовлекается в рискованные компании. Молодежь зачастую не задумывается о последствиях коррупционных действий, им кажется, что ничего страшного в небольшой взятке нет, или что так делают все. Наша задача - показать им правильный путь.

Работа с этой группой особенно важна, так как именно она наиболее подвержена влиянию криминальных структур, в том числе связанных с дропперством, незаконными «подработками» или распространением запрещенных веществ. Когда информация по антикоррупции звучит регулярно, то она оседает в подсознании. Когда молодому человеку придется сделать выбор, у него в памяти всплывут примеры, которые он слышал, что это незаконно, что это разрушает доверие, что последствия


могут быть серьезными.

В рамках проекта создано три видеоролика, адресованных именно молодежи. В них рассказывается, почему коррупция разрушает социальные связи, как незаконные действия отражаются на репутации человека, почему легкие деньги это почти всегда путь к преступлению, как правильно себя вести в ситуациях, где предлагают нарушить закон.

В одном из роликов история студента, давшего взятку за пересдачу. После эпизода он сталкивается не только с административными последствиями, но и с осуждением одноклассников. Мы показываем, что ответственность - это не только статья закона. Это еще и отношение общества. Другой ролик посвя-

щен теме дропперства - популярного среди подростков легкого способа заработать. Мы объясняем, если деньги предлагают быстро и без усилий, почти всегда за этим стоит преступная схема. Молодежь должна понимать, что легкие деньги могут стоить свободы.

Важная часть проекта - привлечение молодежи к



полезной активности.

Ведь здоровое тело и здоровое мышление - вещи взаимосвязанные. В филиале отмечают, что их спортивные мероприятия созданы не для определения победителей, а для формирования правильных привычек.

Помимо спорта, проводятся лекции, мастер-классы, встречи с юристами, сотрудниками полиции и представителями гражданского общества.

Особое внимание уделяется обсуждению Закона РК «О противодействии коррупции». Молодежи объясняют ключевые статьи документа, рассказывают о понятиях «коррупция», «антикоррупционные ограничения», «общественный контроль» и о том, куда можно обратиться в слу-

чае нарушения прав.

Здесь используют материалы методических лекций, посвященных правовому воспитанию, где подробно объясняется роль молодежи в формировании правовой культуры страны.

Пока в наш филиал таких обращений не поступало. Но это не значит, что проблемы нет. На встречах молодежь часто задает вопросы, приводит примеры, которые они слышали или видели. Мы разбираем эти кейсы и объясняем, как действовать правильно. Если с молодежью не разговаривать сегодня, завтра будет поздно. Коррупция процветает там, где люди безразличны. Нам нужно вырастить поколение, которое понимает, что закон превыше всего. Гражданская активность должна стать нормой.

В новом году работа филиала будет продолжена, планируется создание новых роликов, расширение охвата школ и колледжей, дополнительные тренинги, активизация работы с подростками группы риска.

Мы уверены, наша деятельность даст результаты. Формирование антикоррупционной культуры - процесс длительный, но необходимый. И если хотя бы один подросток, столкнувшись с выбором, примет правильное решение, значит, наша работа не напрасна.

Аскар ЖАБАЕВ,
директор Костанайского областного филиала РОО «ЖАНАРУ»



На каждом мероприятии раздают буклеты, чтобы студенты могли дополнительно ознакомиться с информацией

студенты колледжей и вузов, а также подростки из группы риска, состоящие на учете.

Одним из направлений работы стали

по работе с подучетными детьми. Важно понять причины их поступков и помочь скорректировать поведение: у кого-то сложная семья, кто-

«ЖАНАРУ» газеті

Тіркеу куәлігі -
№17059-Г, 19.04.2018 ж.

Меншік иесі: «ЖАНАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы

2018 жылдан бері шығарылады.
Редакцияның мекенжайы:
Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 90.

Редакциялық кеңестің төрағасы: Семғалиев М.З.
Редактор: Жабаев А.Б.
Корректор: Аяжан Серік.
Беттеу және дизайн: С. Лютум.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы.

Басылу тәсілі: офсеттік баспа.
Газет Қостанай қаласы, Мауленов көшесі, 16 мекенжайында орналасқан «Қостанайполиграфия» ЖШС-де басылып шығарылды.

Көлемі – 1 баспа қағаз, таралымы – 1000 дана.

Тапсырыс № 1771
Қайта басып жариялау кезінде «Жаңару» газетіне сілтеме жасау міндетті.
Жарияланған материалдар авторларының пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілікті жарнама беруші өз мойнына алады.